

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 3 (914) 20 қаңтар 2023 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru



◆ Президент

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ БІРІККЕН АРАБ ӘМІРЛІКТЕРІНІҢ ПРЕЗИДЕНТІ ШЕЙХ МҰХАММЕД БЕН ЗАИД ӘЛ НАХАЯНМЕН КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ



Қасым-Жомарт Тоқаевты салтанатты қарсы алу рәсімі «Әл-Уатан» сарайында өтті. Мемлекет басшысының құрметіне 21 рет зеңбіректен оқ атылып, Қазақстанның аңураны орындалды. Қасым-Жомарт Тоқаев пен шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян бір-біріне илтипат білдіріп, Құрмет қарауылының бастығы мемлекеттер басшыларына рапорт берді. Президенттер екі елдің ресми делегация мүшелерін таныстырғаннан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев Құрметті қонақтар кітабына қолтаңба қалдырды.

Салтанатты қарсы алу рәсімінен кейін екі ел басшылары кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді.

Мемлекет басшысы құрмет көрсеткені үшін шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянға алғыс айтты. Сондай-ақ биыл шетелге алғашқы ресми сапары Біріккен Араб Әмірліктерінен басталып отырғанын атап өтіп, екі елдің ынтымақтастығын нығайтуда бұл сапардың маңызы зор екеніне назар аударды.

– Әмірліктер – ислам және араб әлеміндегі біздің сенімді әрі басты стратегиялық серіктесіміз. Сіздің еліңіз тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап Қазақстанға қолдау көрсетіп келеді. Қазақ халқы мұны ешқашан ұмытпайды. Әсіресе, елордамызды көркейтуде Араб Әмірліктері зор үлес қосты. Бұл – шынайы достықтың айқын көрінісі, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев былтыр Қазақстан мен БАӘ арасында дипломатиялық қатынас орнағанына 30 жыл толғанын еске салды. Сонымен бірге осы кезеңде түрлі саладағы ынтымақтастық нығая түскенін, екі ел арасында мазмұнды әрі ашық саяси диалог орнағанын атап өтті.

– Екі елдің қарым-қатынасында түрлі салада жетістіктер аз емес. Дегенмен екі мемлекет арасындағы ынтымақтастыққа тың серпін беретін кез келді. Осы сәтті пайдаланып, Сізге зор алғысымды білдіремін, – деді Президент.

Өз кезегінде Біріккен Араб Әмірліктерінің Президенті шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян 1992 жылы дипломатиялық қарым-қатынас орнатылғаннан бері екі елдің ынтымақтастығы жоғары деңгейге көтерілгеніне тоқталып, Қазақстанмен саяси және экономикалық байланыстар аясын кеңейтуге ниетті екенін жеткізді.

– Елдеріміздің энергетика, ғарыш, технология, сауда салаларындағы ынтымақтастық әлеуеті жоғары деп санаймыз. Осы сапар барысында жаңартылатын энергия саласында маңызды құжаттарға қол қойылды. Келісілген жобалардың толыққанды жүзеге асатынына зор үміт артамын. Елдеріміздің ауаға таралатын көміртегі мөлшерін азайту жөніндегі жоспарлары да ұқсас. Біріккен Араб Әмірліктері көміртегі бейтараптығына 2050 жылға дейін жетуді жоспарласа, Қазақстан бұл мақсатты 2060 жылға дейін орындауды көздеп отыр. Бұл – біздің болашақ ұрпақ үшін өте маңызды мәселе, – деді Біріккен Араб Әмірліктерінің Президенті.

Келіссөз барысында Қазақстан мен Біріккен Араб Әмірліктерінің арасында сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты дамытудың басым бағыттары талқыланды. Атап айтқанда, тараптар жаңартылатын энергетика, азық-түлік қауіпсіздігі мен ауыл шаруашылығы, тау-кен, көлік-логистика, құрылыс-девелопмент және халықаралық қаржы орталықтары арасындағы ынтымақтастық сынды перспективалық салалар бойынша екіжақты ынтымақтастықты нығайту жөнінде уағдаласты.

Екіжақты ынтымақтастықтың басқа да басым бағыттары Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Біріккен Араб Әмірліктерінің Президенті шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянның Бірлескен мәлімдемесінде жарияланды.

Ресми сапар аясында мынадай құжаттарға қол қойылды:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктерінің Үкіметі арасындағы Стратегиялық инвестициялық жобаларды құру туралы бірлескен декларация;

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі мен Біріккен Араб Әмірліктерінің Бас азаматтық авиацияның басқармасы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум;

3. Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, «KIDF» қоры және «Masdar» компаниясы арасындағы Қағидадтар туралы келісім;

4. «KIDF» қоры мен «Masdar» компаниясы арасындағы ынтымақтастық туралы келісім;

5. Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі және «Abu Dhabi Ports» компаниясы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум;

6. «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ және «Abu Dhabi Ports Group» компаниясы арасындағы Стратегиялық әріптестік туралы келісім;

7. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен Біріккен Араб Әмірліктерінің Денсаулық сақтау және профилактика министрлігі арасындағы Денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум;

8. ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы мен Ануар Гаргаш атындағы Дипломатиялық академия арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум;

9. Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві мен Біріккен Араб Әмірліктерінің Ұлттық кітапханасы мен архивтері арасындағы Архив ісі саласындағы халықаралық байланыстарды жүзеге асыру жөніндегі келісім.

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПЕН БІРІККЕН АРАБ ӘМІРЛІКТЕРІНІҢ ПРЕЗИДЕНТІ ШЕЙХ МҰХАММЕД БЕН ЗАИД ӘЛ НАХАЯННЫҢ БІРЛЕСКЕН МӘЛІМДЕМЕСІ

1. Қазақстан Республикасының Президенті Жоғары Мәртебелі Қасым-Жомарт Тоқаев Біріккен Араб Әмірліктерінің

Президенті Биік Мәртебелі шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянның шақыруымен 2023 жылғы 16-18 қаңтарда Біріккен Араб Әмірліктеріне ресми сапар жасады.

2. Президенттер кездесу барысында саяси-дипломатиялық, сауда-экономикалық және мәдени ынтымақтастықты кеңейту жолдарын қарастырып, бірқатар халықаралық және өңірлік мәселелер бойынша пікір алмасты.

3. Мемлекет басшылары Қазақстан мен Әмірліктер арасындағы екіжақты ынтымақтастықтың тығыз диалог шеңберінде және өзара сенім мен сыйластық ауанында дамып, екі ел халықтарының мүдделеріне орай түрлі саладағы серіктестіктің нығайтып келе жатқанын атап өтті.

4. Тараптар екі ел арасындағы жемісті экономикалық серіктестіктің маңыздылығын растай отырып, ұлттық мүдделерге сәйкес екіжақты экономикалық ынтымақтастықты әрі қарай тереңдетуге ниет білдірді. Оның ішінде жаңартылатын энергетика, азық-түлік қауіпсіздігі мен ауыл шаруашылығы, тау-кен, көлік-логистика, құрылыс-девелопмент және халықаралық қаржы орталықтары арасындағы ынтымақтастық сынды перспективалық бағыттарды талқылады.

Президенттер екі ел арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімнің ратификациялануын жоғары бағалап, оның екіжақты экономикалық қарым-қатынастарды жаңа деңгейге көтеретінін атап өтті.

5. Тараптар мәдени алмасуларды тереңдету, сондай-ақ туризм, спорт, білім, ғылым және денсаулық сақтау салаларындағы ынтымақтастықты кеңейту халықтарды жақындастыруда, олардың арасындағы түсіністікті тереңдетуде, мәдениеттерді өзара байыту мен екіжақты қатынастарды дамытуда маңызды болып табылатынын атап өтіп, осы салалардағы ынтымақтастықты нығайтуға келісті.

6. Қазақстан Республикасының Президенті Жоғары Мәртебелі Қасым-Жомарт Тоқаев және Біріккен Араб Әмірліктерінің Президенті Биік Мәртебелі шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян халықаралық қауіпсіздік пен орнықты даму істеріндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының рөлін күшейтуге ерекше мән берді.

Өз кезегінде, Қазақстан Республикасының Президенті Жоғары Мәртебелі Қасым-Жомарт Тоқаев Біріккен Араб Әмірліктерінің 2022-2023 жылдары Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретіндегі тиімді рөлін жоғары бағалады.

7. Қазақстан Республикасының Президенті Жоғары Мәртебелі Қасым-Жомарт Тоқаев Біріккен Араб Әмірліктері өкілдерінің 2022 жылғы 14-15 қыркүйек аралығында Астанада өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII съезінің жұмысына белсенді түрде қатысқанына алғыс білдірді. Тараптар Съездің барлық бастамаларын, сондай-ақ дін лидерлерінің дінаралық, мәдениетаралық және өркениетаралық диалогқа жәрдемдесу жөніндегі күш-жігерін жалғастыруға келісті.

8. Біріккен Араб Әмірліктерінің Президенті Биік Мәртебелі шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян достас Қазақстан Республикасына Дүниежүзілік сауда ұйымының 13-ші Министрлік конференциясын 2024 жылғы ақпан айында Әбу Даби қаласында өткізуді қолдағаны үшін алғысы мен ризашылығын білдірді.

Сонымен қатар, Биік Мәртебелі Президенті Біріккен Араб Әмірліктерінің Шанхай ынтымақтастығы ұйымына диалог бойынша серіктес ретінде қосылуына Қазақстанның қолдау көрсеткені үшін ризашылығын білдіріп, екі ел арасындағы көпжақты ынтымақтастық бағытындағы іс-қимылдың одан әрі дами беретініне сенім білдірді.

9. Президенттер Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті толыққанды халықаралық ұйымға айналдыруға және оның әлеуетін бірлесіп дамытуға өз ниеттері мен қолдауларын білдірді.

Тараптар халықаралық және өңірлік деңгейде екі ел көтерген халықаралық бастамалар бейбітшілікті, орнықты дамуды және жалпыаламзаттық құндылықтарды нығайтуға қызмет ететінін атап өтті.

10. Тараптар екі елдің өңірлік және халықаралық ауқымда сенім мен өзара түсіністік ахуалын орнатуға және қолдауға деген ұмтылысын, сондай-ақ халықаралық мәселелерді тек дипломатиялық құралдар арқылы бейбіт жолмен шешу қажеттігін атап өтті.

11. Біріккен Араб Әмірліктерінің Президенті Биік Мәртебелі шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян Қазақстан Республикасының Халықаралық биологиялық қауіпсіздік ұйымын құру жөніндегі бастамасына қолдау білдірді.

12. Қазақстан Республикасының Президенті Жоғары Мәртебелі Қасым-Жомарт Тоқаев Біріккен Араб Әмірліктерінің Президенті Биік Мәртебелі шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянға жылы шыраймен қабылдағаны және жоғары деңгейдегі қонақжайлылығы үшін шынайы алғысын білдіріп, оны Қазақстанға ресми сапармен келуге шақырды. Шақыру қабылданды.

akorda.kz

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС XXII СЕССИЯСЫ



2023 жылдың 17 қаңтарында жетінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезектен тыс XXII сессиясы өтті. Сессияға аудан әкімі Б.А.Әлжанов, Тайынша ауданы мәслихатының төрағасы С. М.Бекшенев, мәслихат депутаттары мен бөлім басшылары қатысты.

Күн тәртібінде қарастырылған сұрақтар: 1. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының округтік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы; 2. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жанынан жер комиссиясының дербес құрамын бекіту туралы;

Тайынша ауданы округтік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 10-бабының 3-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәслихатының шешімі бойынша Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы округтік сайлау комиссияларының мүшелері қосымшаға сәйкес сайланып, осы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізілетін болады. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жанынан жер комиссиясының дербес құрамын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 15-бабы 1-тармағының 5-3 тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 12) тармақшасына сәйкес, аудан әкімінің ұсынымы

бойынша Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәслихаты шешім қабылдап, осы шешімге қосымшаға сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жанынан жер комиссиясының дербес құрамы бекітілді. Сессия барысында айтылған мәселелерді депутаттар бірауыздан қолдады.

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 228 «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының эвакоқабылдау комиссиясының дербес құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы сессияда шешім қабылданды.

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәслихатының шешімі бойынша Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 228 «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының эвакоқабылдау комиссиясының дербес құрамы бекітілді. Шешімдегі кейбір өзгерістер осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітіліп, осы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі. Сессияға қатынасқан аудан әкімі де депутаттар алдында сөз алып, өз ойын білдірді. Өткен саяси тарихи іс-шараларға тоқталып, облыстан Сенат депутаты болып тағайындалған Г.Р.Каримова жайында және өзекті де маңызды атқарылған депутаттардың еңбегіне тоқталып өтті. Алдағы уақытта да осы бағытта еңбек атқарып, халық қалаулысы ретінде қандай жұмыста болса да депутаттар белсенділік көрсетеді деп сенім білдірді.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНЕ СЫРТҚЫ ТАЛДАУ БАСТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті бизнеске жер учаскелерін бөлу саласында және олардың қолжетімділігі, сондай-ақ бизнес объектілеріне инфрақұрылымды жеткізу (желілерге қосылу) жөніндегі мәселелер бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау басталғандығы туралы хабарлайды.

Талдау жұмысының бағыттарын алдын ала талқылау Департамент басшысы Сергей Перов пен облыс әкімінің бірінші орынбасары Марат Тасмағанбетовтың қатысуымен өтті.

Сергей Перов 2023 жылды Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет бизнесті қорғау жылы ретінде ерекшеленген атап өтті.

«Солтүстік Қазақстанда ең бай және құнарлы жер, біздің облысымыз – ауыл шаруашылығының дамуында тарихи орынға ие, жыл сайынғы

рекордтық астық өнімі ел экономикасына пайдасын тигізуде. Осы факторлардың жиынтығы бізді мемлекеттік билік өкілдерінің сыбайлас жемқорлық схемаларын іске асыруға жол бермей, ауыл шаруашылығын дамытуға өте байыпты қарауға міндеттейді», - деді Сергей Перов.

Сыртқы талдау бір ай ішінде жүргізіледі. Талдау жер учаскелеріне сауда-саттық, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер беру, жер құқығын беруден бас тарту себептері, елді мекендерде коммерциялық аймақ жерлерін бөлу және т.б. сияқты мәселелерді қамтиды.

Облыс халқы ақпаратты upd.sko@antikor.gov.kz электрондық мекенжайына және <https://t.me/taldausqo> телеграм тобына жібере алады, аталған кері байланыс арналары сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсынымдар әзірлеу үшін пайдаланылатын болады.

СҚО бойынша Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі.

МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУДЫҢ ПАЙДАСЫ

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының мәліметтерін көпшілік назарына ұсынамыз:

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру - Қазақстанның барлық сақтандырылған азаматтарына, жанына, жасына, әлеуметтік мәртебесіне, тұрғылықты жері мен табысына қарамастан, медициналық және фармацевтикалық көмекке тең қолжетімділікке кепілдік береді. Жарналардың болуы - міндетті шарт. Төлем соңғы 12 ай қатарынан төленуі керек не болмаса азаматтарға 12 айды алдын ала төлеп қоюына мүмкіндіктері бар. Осылайша, азамат тегін медициналық көмекке ие болады. Мысалы, жергілікті тұрғын ауруханаға барған кезде 12 айдың тек 11 айына ғана төлемдері болса, сол бір ай төлемі болмауы себебінде медициналық қызмет көрсетілмейді. Өзіңіз үшін МӘМС-ке төлемді екінші деңгейдегі банктің кез келген бөлімшесі, «Қазпошта» АҚ, Kaspi.kz, TengriBank мобильді қосымшалары арқылы аудару аласыз. Сондай-ақ, Qiwi әмиян терминалдарымен төлем жасау мүмкіндігі бар. Төлем үш-бес банктік жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Қазіргі таңда мобильді қосымшалармен төлеу әлдеқайда оңай. Алдымен «төлемдерге» кіріп, «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар» өтіп, ЖСН теріп, ақы төлеу кезеңін көрсетуіңіз шарт. Осылайша, әр айдың төлемін жасай аласыз.

- Ал сақтандыруы жоқ адамдар дәрігер қарауына бару үшін не істеуі керек?

- Сақтандыруы жоқ азаматтардың тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлеміне құқығы бар. Бұл санатқа төтенше жағдайларда медициналық көмек, учаскелік маманның қабылдауына жазылу, шұғыл операциялар, әлеуметтік маңызы бар ауруларды емдеу жатады.

- Биыл да МӘМС төлемдері бойынша өзгерістер енгізілген болады. Ол қандай өзгерістер? Сақтандыруы жоқ азаматтар жарнаны алдын ала төлеп қоюына бола ма?

- Бүгінде жарналарды әр-біріміз өзімізге ыңғайлы түрде төлей аламыз. Ай сайын, тоқсан сайын жүйелі түрде төлеуді жалғастыруға болады немесе 12 айға бірден төлеу мүмкіндігі қарастырылған. Еске салайық, осы жылы қаңтардан бастап жұмыс берушілердің аударымдары бір пайызға ұлғайды. Яғни, жұмыс беруші қызметкері үшін жалақы деңгейінің 3 пайызын төлейді. Қызметкерлер мен азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттарға сәйкес табыс табатындар өз табысының екі пайызын төлейді. Атап өтер болсақ, жеке кәсіпкерлер және жеке практикамен айналысатын азаматтар 4200 төлесе, дербес төлеушілер үшін жарна сомасы 3 мың теңгені құрайды. Расымен де, «бүгін сау жүрмін» деп айтуға болмайды. Адам баласы болып жаратылғаннан соң, жеңіл вирустық аурулар болса да денсаулық сыр береді. Одан соң дәрігерге қаралу қажет. Екі аяғымыз бір етікке тығылмауы үшін, ертеңгі күнімізді бүгін ойлауымыз керек.

- Көпшілік тарапынан жиі туындайтын сұрақ: «Ай сайын жарна төлейміз. Бірақ емханаға мүлде бармаймыз. Олай болса, не үшін жарна төлеуіміз керек?» дегенге саяды. Бұған не ұяғ айтасыз?

- Жоғарыда айтып өткенімдей, сіз де, мен де ертеңгі күнімізді ойлап жүріміз абзал. Мұны санасы бар адам дұрыс түсінеді деген ойдамын. Оның үстіне жылына бір мәрте денсаулықтарыңызға мән беріп, медициналық тексерулерден өтіп отырғаныңыз жөн. Қазіргі таңда анализдерді тапсырудың өзі тегін емес, сондықтан жарнаны алдын ала төлеп, сапалы әрі тегін емге барыңыз.

- Сақтандыру аясында ақысыз көрсетілуі тиіс қызметтер тізімін қайдан және қалай көре аламыз?

Әрбір адам сақтандыру аясындағы ақысыз көрсетілуі тиіс қызметтердің тізімін медициналық сақтандыру қорының Fms.kz веб сайтынан оқып, таныса алады.

- Ауыл адамдары ай сайын жарна төлейді. Бірақ, кейбір аппарат пен қызметтердің, дәрі-дәрмектің ауылдық-аудандық ауруханаларда болмауы салдарынан облыс орталығындағы жеке меншік емханаларда ақылы қаралуына тура келеді. Бұл қаншалықты дұрыс?

- Жыл сайын міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында барлық ауруханалар тегін берілетін дәрі-дәрмекпен қамтылып отырады. Бұл жағынан ешқандай мәселе жоқ десек болады. Ал ауыл-аймақтарда аппараттардың болмауы мүмкін. Өйткені, бүгінгі таңда қымбат КТ, МРТ құрал-дары қала емханаларында орнатылған. Естеріңізге сала кетейік, медициналық сақтандыру қорының сайтынан сан сауалдың жауабын таба аласыз. Мұнда сақтандыру қорымен келісімшарт жасалған жекеменшік аурухана тізімі жасақталған. Алдымен тұрғылықты мекенжай бойынша тіркелген ауруханаға барып, «жолдама» алып, тізімде бар жекеменшік медициналық ұйымға тегін қаралуға болады.

- Егер жүкті әйелдер жұмыссыз болса, олардың сақтандырылуы қалай жүзеге асады?

- Жұмыс істейтін әйелдер үшін жарна олардың жалақы мөлшерінің 2 пайызынан түседі. Жұмыс беруші салық салынатын кірістің екі пайызы мөлшерінде аударымдар төлейді. Декреттік демалысқа шыққаннан кейін, әйел табысын алуды тоқтатады және ол үшін енді жұмыс орнынан зейнетақы, әлеуметтік аударымдар түспейтін болады. Осыған сәйкес ол «жұмыс істемейтін жүкті әйел» жеңілдік санатына қосылады. Бұл кезеңде мемлекет болашақ ана үшін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жарна төлейді. Егер төлемдер болмаса, «Сақтандырылған» мәртебесі үш жұмыс күні ішінде автوماتты түрде беріледі. Бұл ретте, жұмыс істемейтін жүкті әйелдің өткен кезеңдері үшін қарызы болса, оны өтеудің қажеті жоқ. Алайда, жеңілдік мәртебесін жоғалтса, онда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтерді пайдалану үшін алдымен қарызды өтеп, үнемі жарна төлеуді жалғастыруы керек.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры.

**Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының
Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының
депутаттарын сайлау жөніндегі бір мандатты аумақтық
сайлау округтері бойынша округтік сайлау комиссияларының жаңа
құрамдарын құру қорытындылары туралы**

ХАБАРЛАМА

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша округтік сайлау комиссияларының жаңа құрамдарын құру Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының (бұдан әрі – Конституциялық заң) және Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының талаптарына сәйкес жүзеге асырылды. Тайынша аудандық мәслихатының сессиясында бес саяси партия мен бір қоғамдық бірлестіктің ұсыныстары бойынша 12 округтік сайлау комиссиясының құрамында 60 мүше сайланды.

Конституциялық заңда белгіленген тәртіп пен мерзімде округтік сайлау комиссияларының бірінші отырысында аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының төрағалары, төрағаларының орынбасарлары мен хатшылары сайланды. Округтік сайлау комиссияларының жаңа құрамы мен орналасқан жерін сіздің назарыңызға жеткіземіз.

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихаты

Тайынша аудандық мәслихатының жетінші шақырылымның 22 сессиясының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № «Тайынша ауданының аудандық сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы» шешімі.

№ 1 округтік сайлау комиссиясы

Сайлау комиссиясының орналасқан жері: Тайынша қ., Қазақстан Конституциясы көшесі 206, «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі» КММ ғимараты.

Сайлау округінің шекараларының сипаттамасы (сайлау участкілкрінің нөмерлері көрсетіледі): 415, 444, 445

Төраға - Хамзина Айгүл Ермекбайқызы;
орынбасар – Гусева Светлана Григорьевна;
хатшы - Холина Елена Васильевна;
мүшелері – Алмазов Тимур Микаилович, Асрандина Гүльнар Хайрулаевна

№ 2 округтік сайлау комиссиясы

Сайлау округінің шекараларының сипаттамасы (сайлау участкілкрінің нөмерлері көрсетіледі): 417, 420

Төраға - Кирюшина Любовь Федоровна;
орынбасар – Жүсіпова Жанар Бүркүтбайқызы;
хатшы - Кожевник Зарина Биктемерқызы;
мүшелері– Галус Евгений Викторович, Көпербаев Айбек Әлібекұлы

№ 3 округтік сайлау комиссиясы

Сайлау комиссиясының орналасқан жері: г.Тайынша, ул.Конституции Казахстана 203, здание ИП «Сарсембаева Х.А.»

Сайлау округінің шекараларының сипаттамасы (сайлау участкілкрінің нөмерлері көрсетіледі): 418, 422, 430, 431

Төраға – Бондарь Татьяна Ивановна;
орынбасар – Ермұханов Ержан Каиргелдіұлы;
хатшы – Сайдалинова Әлия Ардаққызы;
мүшелері– Кушқимбаева Жанар Серикқызы, Роговская Ирина Анатольевна.

№ 4 округтік сайлау комиссиясы

Сайлау комиссиясының орналасқан жері: г.Тайынша ул.Астана 165, здание средней школы №1 г.Тайынша

Сайлау округінің шекараларының сипаттамасы (сайлау участкілкрінің нөмерлері көрсетіледі): 419, 427, 428, 429

Төраға - Жусупова Жұлдыз Сайлаубайқызы;
орынбасар – Сорокин Игорь Юрьевич;
хатшы - Көпербаева Жібек Бекқызы;
мүшелері – Дүсембекова Жәния Өмірбайқызы, Мұханбеталина Асылгүл Байғалиқызы

№ 5 округтік сайлау комиссиясы

Сайлау комиссиясының орналасқан жері: Тайынша қ., Қазақстан Конституциясы көшесі 261, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Тайынша агробизнес колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау округінің шекараларының сипаттамасы (сайлау участкілкрінің нөмерлері көрсетіледі): 416, 479

Төраға - Ташмақанова Сәуле Сапарқызы;
орынбасар – Есенбаева Шолпан Серикқызы;
хатшы - Дворецкая Светлана Станиславовна;
мүшелері – Баймұратова Гүльнар Мұхтарқызы, Джердж Дмитрий Владимирович

№ 6 округтік сайлау комиссиясы

Сайлау комиссиясының орналасқан жері: Келлеровка а., Школьная көшесі 4, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Тайынша ауданының білім бөлімі» КММ «Кеңес Одағының Батыры И.М. Березной атандағы Келлер орта мектебі» КММ ғимараты.

Сайлау округінің шекараларының сипаттамасы (сайлау участкілкрінің нөмерлері көрсетіледі): 421, 423, 424, 457

Төраға – Филлинберг Нина Францевна;
орынбасар – Қабдұлбариева Назгүл Раулқызы;
хатшы – Попова Алена Олеговна;
мүшелері- Ковальчук Дмитрий Васильевич, Лисовская Елена Сергеевна

№ 7 округтік сайлау комиссиясы

Сайлау комиссиясының орналасқан жері: Келлеровка а., Куйбышева көшесі 43, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Тайынша ауданының білім бөлімі» КММ «Ясная Поляна орта мектебі» КММ ғимараты.

Сайлау округінің шекараларының сипаттамасы (сайлау участкілкрінің нөмерлері көрсетіледі): 440, 441, 442, 443, 433, 435

Төраға – Голубь Юлия Валентиновна;
орынбасар – Малиновская Надежда Викторовна;
хатшы – Енжиевская Елизавета Владимировна;
мүшелері – Баумбах Павел Иванович, Қарібаев Самат Серікұлы

№ 8 округтік сайлау комиссиясы

Сайлау комиссиясының орналасқан жері: Петровка а., Школьная көшесі 1, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Тайынша ауданының білім бөлімі» КММ «Петровка орта мектебі» КММ ғимараты

Сайлау округінің шекараларының сипаттамасы (сайлау участкілкрінің нөмерлері көрсетіледі): 436, 437, 438, 439, 453

Төраға – Алімов Бауржан Мақанұлы;
орынбасар – Құлмағамбетова Зарина Тұрғұнқызы;
хатшы – Горбачева Светлана Станиславовна;
мүшелері – Махметжанова Алтын Еслямханқызы, Тиминская Юзефа Брониславовна

№ 9 округтік сайлау комиссиясы

Сайлау комиссиясының орналасқан жері: Зеленый Гай а., Багинского көшесі 28 А, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Тайынша ауданының білім бөлімі» КММ «Зеленогай орта мектебі» КММ ғимараты.

Сайлау округінің шекараларының сипаттамасы (сайлау участкілкрінің нөмерлері көрсетіледі): 448, 449, 450, 451, 454, 455, 456

Төраға – Луничья Татьяна Васильевна;
орынбасар – Говоров Владимир Александрович;
хатшы – Пустовар Ольга Владимировна;
мүшелері – Грипп Салтанат Рахметовна, Жанпейсовна Меруерт Кайдаровна

№ 10 округтік сайлау комиссиясы

Сайлау комиссиясының орналасқан жері: Чкалов а., Жамбыл көшесі 40, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Тайынша ауданының білім бөлімі» КММ «№ 1Чкалов орта мектебі» КММ ғимараты

Сайлау округінің шекараларының сипаттамасы (сайлау участкілкрінің нөмерлері көрсетіледі): 452, 477, 476, 446

Төраға – Цалко Елена Анатольевна;
орынбасар – Садвақасова Әсем Абылайқызы;
хатшы – Сәрсембаева Анар Беркимбайқызы;
мүшелері – Панина Оксана Владимировна, Стахальская Лариса Александровна

№ 11 округтік сайлау комиссиясы

Сайлау комиссиясының орналасқан жері: Роцинское а., Школьная көшесі 14, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Тайынша ауданының білім бөлімі» КММ «Роцинск негізгі мектебі» КММ ғимараты.

Сайлау округінің шекараларының сипаттамасы (сайлау участкілкрінің нөмерлері көрсетіледі): 425, 463, 464, 466, 467, 468, 469

Төраға – Галиева Райхан Дауренбековна;
орынбасар – Дәутова Айгерім Хамбарқызы;
хатшы – Зейнолла Жұлдызай Азаматқызы;
мүшелері – Андрищенко Анатолий Геннадьевич, Хомич Әсия Кайратқызы

№ 12 округтік сайлау комиссиясы

Сайлау комиссиясының орналасқан жері: Драгомировка а., Школьная көшесі 2, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Тайынша ауданының білім бөлімі» КММ «Драгомиров орта мектебі» КММ ғимараты.

Сайлау округінің шекараларының сипаттамасы (сайлау участкілкрінің нөмерлері көрсетіледі): 426, 459, 460, 461, 462, 470, 471, 472, 473, 474, 475

Төраға – Сухарев Валерий Валерьевич;
орынбасар – Мағжанова Шолпан Амантайқызы;
хатшы – Фридрих Татьяна Степановна;
мүшелері – Грабовская Людмила Николаевна, Смертина Александра Владимировна

ЖАҢА ҒАСЫР – ЖАҢА ТҰЛҒАНЫ АРЕНАҒА ШЫҒАРДЫ



Қай халықтың болмасын, өткенін бүгінге жеткізетін, бүгін ертеңімен ұшастыратын оның тілі. Осыдан да ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі» десе керек. Тіл адам баласына сор болып жабысып, абыройын айрандай тәгуі де ол-оңай. Бақ болып қонып, мәртебесін асыруы да ғажап емес. Осы бақ пен сорды халық деңгейіне көтерсеңіз, көп нәрсенің басы ашылады.

Қазақ халқының басына тілдің бақ боп қонған уақыты А.Байтұрсынұлының қырыққа толар шағынан бастау алды. Бұл - 1910 жылдар шамасы. Алғашқы орыс революциясы (1905-07) қазақ баласының да санасын өзгертті. Бұл уақытта Ахмет отыздың үстіне жаңа шыққан. Бірінші мүшелінде алған екі сыныптық (әр сынып үш жылдық оқуды қамтиды) орыс-қазақ училищесі (Торғай) оны Орынбордағы мұғалімдер мектебіне түсуіне мүмкіндік берді. Мұндағы төрт жыл шамасында білімнің қазіргі жоғары мектеп беретін білімге пара-пар екендігі тағы бар. Онан кейінгі он-он бір жылын Ақтөбе, Қостанай және Қарқаралы уездеріндегі ауылдық және болыстық мектеп-училищелерде мұғалім болып қызмет атқарады. 23 жастағы жас жігіт Омбыға барған бір сапарында қазақ халқының тарихын түгендеп жүрген, этнографиясы мен фольклорына ден қойған А.Е.Алекторовпен жүз-деседі. Меніңше, осы кездесу оны түбегейлі өзгеріске бет бұруға итермеледі. Мұны М.Әуезов ұлт ұстазының 50 жасқа толған мерейтойына арналған мақаласында «Атақты Ильминскийдің жайымен қазақтың көзін ашу үшін осы оқу керек деген саясатты тұтынып жүргендігін сөздерімен білдірген Алекторовтың ниетімен жақын келіп танысқан соң, Ахмет қазақ халқының жағдайының ауырлығын ұғып, ел тұрасындағы түкпірлі ойы сол кезде ояна бастаған. Алекторовпен танысудың екінші әсері – Ахаңның жолы ашылып, бұрынғы білім-өнер жолындағы шала білініп, көмескілеу түсініп жүрген нәрселерін таза білуіне себеп болған» - деп көрсетеді. 13 жасында полковник Яковлевтің кесапатынан жапа шеккен әке бейнесі елестеді, енді келіп орыс ғалымының қазақ мәселесін күйтегені жанына батты. Осыдан барып, қазақ тілін, әдебиетін, тарихын, этнографиясын өз жұртының баласы жазғаны жөн деген ойға тоқталса керек. Бұл - біздің пікір, әйтпесе Г.Н.Потанин мен А.Е.Алекторовтың қазақ өркениетіне сіңірген еңбегін жоққа шығарудан аулақ ойдамыз. Жалпы, бүгінгі қазақты мына мәселелер ойландыру керек. Біріншіден, «ұлт ұстазы» айқындаушының өз иесін тап- қандығы анық. Демек, республика көлемінде «Мұғалімдер күні» болып саналатын қазанның алғашқы жексенбісін ұлт ұстазының туған күнімен байланыстырудың да сәті келді деп білеміз. Мұндай тәжірибе біздің мемлекетімізде болды: көп уақыт 22 қыркүйекте мерекеленетін «Тілдер күнін» 2017 жылдан бастап А.Байтұрсынұлының туған күніне орайластырып едік. Меніңше, бұл ойымыз көптеген ұстаздардың көңілінен шығады деп сенемін. Әрине, А.Байтұрсынұлын ұлт ұстазы дәрежесіне көтерген оның ұшан-теңіз еңбегі. Әсіресе, оның қазақ мектептері мен оның тыңдаушыларына арнаған оқу құралдары болса керек. Бұл жерде мұндай оқу құралдар мектеп табалдырығын аттаған балалар мен оларды тәрбиелеуге алған мұғалімдерге де тікелей қатысы бар. Өз тарапымыздан ұлт ұстазының тілдік сезім мен қазақтың намысы жоғары болғанын қосқымыз келеді. Бұл екі санатқа отбасы мен орта әсер етеді. Қазақ отбасынан шыққан, қазақ ортасында өскен қазақ баласы өз тілінен кем қалуы мүмкін емес. Осы себептен де ғалым оқулықтарындағы пәнсөздер қазақ пайдаланымында бүгінгі күге дейін сақталып қалып отыр. Ғалым еңбегінен бірде-бір шет тілдер сөзін кездестірмейсіз.

ЖАҢА ҒАСЫР – ЖАҢА ТҰЛҒАНЫ АРЕНАҒА ШЫҒАРДЫ

Жалғасы. Басы 3-бетте.

Фонетика емес дыбыс жүйесі, лексика емес сөз жүйесі, морфология емес сөз тұлғалары, синтаксис емес сөйлем жүйесі. Оның үстіне ғалым оқулық-тарихындағы мысал деректер қазақ санасына дендеп енген мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, аңыз-әңгімелерден тұрады. Бұған «Күлтөкпенің басында күнде жиында» айтылатын әңгіме-дүкенді қосыңыз. Оның үстіне ол уақыт ақпа құлақ ағайын емес, құйма құлақ қазақ жұрты бағаланған шақ. Ата сөзден аулақ қоныстану қазақ баласына тән емес-тін. Ол уақытта қазақ жұрты сөзіне қарай сөйлеушісін бағалай алатын. Мұндай тірлік Ахметтің де сана-сезіміне тікелей әсер етті десек болады. Ахмет еңбектерінің өз қатарластарынан озық ойлы болуына не себеп? Ең алдымен, өткен ғасырдың басында А.Байтұрсынұлымен салыстыра көрсететін қазақ тұлғасы жоққа тән. Бұл жерде Ахмет қана оқыды, басқасының білімі жеткіліксіз болды деген пікірден аулақпыз. Біз мемлекеттік саясаттың (бұл саясатты көзі ашық қазақ оқымыстылары ұстанды) оқу-білімге қатысты бағытын айтып отырмыз. Оның алдында кітап терген Ы.Алтынсарин 1889 жылы өмірден өткен. Жаңа ғасыр жаңа тұлғаны аренаға шығарды. Ахмет осылайша қайнауы кем қазанға түсті. Елуге толарталмас шақта қазаққа ең керек оқу-құралдарын мектеп табалдырығынан өткізеді. Қазақ қоғамынан шыққан Ахмет санасы орыс еңбектерімен танысқаннан кейін аласапыран күйге түсті. Қазақ отбасының бағып-қағуынан кейін орыс білімінің нәрін алуы (арнайы оқу орнына түскен жоқ, бірақ оның Орынбор, Омбы сияқты орыс қалаларындағы орыс білгірлерімен қарым-қатынасын айтып отырмыз) қабілетіне күш қосып, психологиялық жады мен логикалық байымы бірден көтеріліп шыға келді. Орыс тілі арқылы Еуропада Женева лингвистикалық мектебінің ірі өкілі Фердинанд де Соссюр (1857-1913), неміс ұлтының ірі өкілі Вильгельм фон Гумбольдт (1767-1835), Ресейде Москва лингвистикалық мектебінің ірі өкілі Ф.Ф.Фортунантов (1848-1914) еңбектерімен тікелей танысты десек болады. Ахметтің осындай әлемдік дүниеден нәр алмауы мүмкін емес еді. Байқап қарасақ, А.Байтұрсынұлымен заманы бір А.М.Пешков-скийдің еңбегі 1914, М.Н.Петерсонның еңбегі 1923, А.А.Шахматовтың еңбегі 1925 жылы шығады. Мұның үшеуі де Ф.Ф.Фортунантовтың шәкірттері. Қолы ұзын дейтін орыстың кітаптары тек өткен ғасырдың үшінші он жылдығында баспа бетін көреді. Ахмет екінші он жылдық басталмай тұрып оқу құралдарын бере бастайды: «Әліппе» – 1910; «Тіл-құрал» 1912-25 жылдар. Демек, Ахмет өз замандастарының еңбегін оқуы екіталай, бірақ олардың ұстаздарынан тараған еңбектермен таныс болғандығы анық болып шығады. Әрине, ғылыми деңгей бір арнада қабыспайды. Бірақ сол ғылымға қаузау болар қауыздық Ахмет оқулықтарының өн бойында тұрғандығы бүгін жұмбақ емес. Қазаққа «Тіл – құрал» осындай жолдармен келді. Жоғарыда айтқа-нымыздай, «Тіл-құрал» 1912-1925 жылдар аралығында жеті рет жарық көреді. Оның бесеуі орыс патшасы уақыты да, екеуі Кеңес деген өкіметтің белең алған тұсы. Құрал «Тіл танытқыш кітап» деп аталып, төрт деңгеймен жеткізілген: 1-сі Дыбыс жүйесі – 1912-15 жылдар; 2-сі Сөз жүйесі – 1914-17 жылдар; 3-сі морфологиялық құрылымы (Қазақ тілінің сарфы) – 1915 жыл; 4-сі Сөйлем жүйесі – 1925 жыл. Бұл бөлістің өзін шартты деп қарау қажет. Себебі 1-тілтанитқыш кітап 1925 жылы 5-інші рет басылым көріпті. Жалпы, ғалымның «Қазақ тілінің сарфы» деп тарқатқан кітаптары қазіргі ұғымдағы грамматика аясына сәйкеседі. А.Байтұрсынұлының Дыбыс жүйесі мен түрлері дыбыс, буын және олардың жазылу емлесін жинақтайды. Бұл - қазіргі күнгі ең осал тұсымыз. Біз 2017 жылдан бастап не әліпбиді, не емлемізді түзе алмай келеміз. Неге? Ең бастысы, қазіргі қазақ жұрты баба берген 24 (28) дыбысты басшылыққа алмай отыр. Оның 5-уі (9) дауысты да, 19-ы - дауыссыз дыбыс. Біз қазір 31-35 дыбыспен тарқатқымыз келеді. Баяғы сол «басқа жұрт не дейді?» деген жалтақтық. Бір ғана у және і дыбысын өзінің тұма жағдайына келтірсек, яғни олардың тек дауыссыз дыбыс екендігін жаңғыртсақ, қазақтың қазіргі емлесі де тез шешімін табар еді. А.Байтұрсынұлының синтаксистік ілімі үлкен дүниені қозғауды қалайды. Себебі ғалымның синтаксисі ғылыми тілдің шарықтау шегіне бара алған. Оны синтаксис салаларын тарқатудан тануға болады. Сөйлем жүйесі деп бекітілген бұл ілім сөйлемнің барлық түрін және сапасын аңғарта алады. Қалай болғанда да, қазіргі синтаксис ілімін А.Байтұрсынұлының тұжырымдарына сүйене отырып, бес тарау- мен жеткізуге болады. Өзіміз осы пәннің басы-қасында жүргеннен кейін, мұндай пікір білдіруге толық қақымыз бар деп білеміз. Тек осы жағдайда ғана қазақ тілі білімін күні бүгінге дейін орыс тілі білімімен теориялық тұрғыдан салыстыра берген жаңсақ тұжырымдардан сақтап қалған болар едік. Ал Ахмет ілімі тек қазақы теорияға негізделгені ақиқат.

Бекен САҒЫНДЫҚҰЛЫ,
ғылым докторы, профессор, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

• *Адам. Қоғам. Дін.*

АДАМ МЫНА НӘРСЕЛЕРДІҢ АЛДЫНДА ӘЛСІЗ

Бірде Алла елшісі (с.ғ.с.): «Менің ізбасарларыммен мына нәрселер үнемі еріп жүреді: жаман ырымдарға сену, іштарлық пен өзгелер туралы жаман нәрсе ойлау», – дейді. Сахабалардың бірі: «Егер бұлар біздің біреуіміздің бойымызда болса, онда олардан қалай арыламыз?» деп сұрайды. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): Егер іштарлық жасап қойсаң, Жаратушыдан кешірім сұра, бір адам туралы жаман нәрсе ойласаң, оны растама, ал егер бір нәрседен сескеніп, көңіліңе жақпайтын бір нәрсе көрсең, оған мән берме, алға қарай жүр» – деп жауап береді. Расында, адам баласы бұл үш күнәнің алдында дәрменсіз. Сондықтан оларды қалай да бойымыздан байқап қалсақ, дереу күресуіміз қажет. Бұл жайлы Қасиетті Құранда былай делінген:

Жаман ырымдарға сену. «...Ал бастарына жамандық келсе, сол жамандық Мұса мен маңайындағылардың кесірінен болды деп жориды (ырымдайды). Жоқ, олай емес, олардың өздерінше ырымдап, жақсылық немесе жамандық

дегендерінің бәрі бір Алланың үкімі нәм жаратуымен болады. Алайда, олардың көпшілігі хақ ілімнен мақұрым болғандықтан мұны білмейді» («Ағраф» сүресі, 131-аят).

Іштарлық пен қызғаныш. «Әлде олар Алланың шексіз шарапатымен пенделеріне берген нығметтерін қызғана ма?» («Нисә» сүресі, 54-аят).

Өзгелер туралы жаман ойда болу. «Уа, иман еткендер! Ой атаулының көбінен аулақ болыңдар (яғни, өзге адамдар жайлы, әсіресе, мүмін бауырларың жайлы түрлі (жаман) ойларға беріле беруден аулақ болыңдар)! Өйткені ой атаулының бір парасы (яғни, өзгелер жайлы ойлаған жаман, яки арам ойлар) күнәға жатады! Бір-біріңді аңдымаңдар және біріңді-бірің ғайбаттамаңдар!» («Хужурат» сүресі, 12-аят). Ендеше, Алла бізді бұл күнәлардан сақтап, әлсіздік танытпауымызға жәрдем етсін деп тілейік.

Дайындаған Асылай ҚАДЫРҚЫЗЫ,
журналист.

ДЕНСАУЛЫҚ-ЗОР БАЙЛЫҚ

Сонымен, онкопрофилактика – бұл ісік ауруларының дамуын болдырмауға бағытталған шаралар кешені. Бұл іс-шаралар келесі бағыттар бойынша жүргізіледі. Адамның өмір салтына әсер ету темекі шегуден бас тартуды, тұтынылатын алкоголь мөлшерін шектеуді, дұрыс тамақтануды, дене салмағын қалыпты ұстауды және семіздікпен күресуді, тұрақты физикалық белсенділікті. Рационалды тамақтану барлық онкологиялық аурулардың даму қаупін азайтуға көмектеседі, бірақ ас қорыту жүйесінің ісік зақымдану қаупіне ең қолайлы әсер етеді. Алкоголь. Алкогольді тұтынудан бас тарту (мөлшерін шектеу) этил спиртін адам ағзасының жасушаларын тікелей зақымдауға әсер ететіндігіне байланысты. Сонымен қатар, алкоголь өнімдерінде сусындарды өндіру процесінде пайда болатын улы заттардың массасы бар. Алкогольді ішуден бас тарту өңеш, асқазан, бауыр ісіктерінің пайда болу қаупін азайтады. Темекі шегу. Темекі шегу кезінде ағзаға ісік процесін ынталандыратын көптеген жану өнімдері мен шайырлар енеді. Темекі шегу еріннің, өкпенің, көмейдің, асқазанның, өңештің және қуықтың қатерлі ісігінің дамуына ықпал етеді. Өкпе қатерлі ісігімен ауыратын 10 адамның тоғызы темекі шегетіндігімен байланысты. Семіздік. Артық салмақ немесе семіздіктің болуы көбінесе адамның дұрыс тамақтанбайтындығын және отырықшы өмір салтын ұстанатындығын көрсетеді. Жарақаттарында гормондар белсенділігі артады және оның артық өзгеріске ұшырауына әкеліп соқтырады. Гормоналдық фон және соның салдары артады. Дене салмағын қалыпқа келтіру және оны қалыпты деңгейде ұстау жатырдың, сүт бездерінің, аналық бездердің, бүйректің, өңештің, ұйқы безінің, өт қабының (әйелдерде), тоқ ішек қатерлі ісігінің (ерлерде) дамуына жол бермейді. Гиподинамия. Белсенді дене белсенділігі (жылдам жүру, жүгіру, жүзу, қозғалмалы ойындар, велосипедпен жүру, конькимен сырғанау, шаңғымен сырғанау және т.б.) күніне кемінде 30 минут бойы зат алмасуды, дене салмағын қалыпқа келтіреді, көңіл-күйді жақсартады, стресспен, депрессиямен күресуге ықпал етеді, қан айналымын жақсартады және иммунитеттің белсенділігін қалыпқа келтіреді. Тиісті физикалық белсенділік тоқ ішек, жатыр және сүт безі қатерлі ісігінің даму



Денсаулық

қаупін азайтады. Стресспен, депрессиямен күрес. Ауыр стрестік жағдайлар, депрессия және ісік ауруларының пайда болуы арасындағы байланыс айқын көрінеді. Әдеттегідей, оптимизм ісіктердің алдын алуда өте маңызды рөл атқарады, теріс түсті эмоционалды жағдайларды жеңе білу. Бұл мәселеде кейбір адамдарға психотерапевт немесе психологтың кеңесі түрінде кәсіби көмек қажет. Ультракүлгін сәулелерді мұқият өңдеу. Күн сәулесі көбінесе ісік ауруларының дамуына себеп болатын факторға айналады. Жағажайда да, солярийде де тотығуды теріс пайдалану меланома, тері қатерлі ісігі, сүт және қалқанша безінің дамуына әкелуі мүмкін. Тұрмыстық және тұрғын үй жағдайлары. Мерзімдерді қысқартуға және құрылыс немесе жөндеу құнын арзандатуға ұмтылу көбінесе құрамына асбест, шлак, шайыр, формальдегид, нитроқосылыстар және тағы басқалар кіретін экологиялық емес құрылыс материалдарын пайдалануға әкеледі. Бұл желдету жабдықтарына қойылатын техникалық талаптардың бұзылуымен бірге тұрғын үйде (ең алдымен ауада) зиянды қосылыстардың жиналуынан болады. Абсолютті канцерогенді заттар ретінде әрекет ете отырып, бұл қосылыстар дененің барлық мүшелері мен жүйелерінің ісіктерінің дамуын ынталандырады.

Материалды дайындаған: Ұлпан АМАНБАЕВА,
Ақмола облысы бойынша салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы «Astana Clinic» серіктестігінің басшысы.

КӨҢІЛ АЙТУ

«Ветеринариялық станция» ұжымы қызметкер Нұрабаев Амангелді Қайыргелдіұлына анасының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып Көңіл айтады.

КӨҢІЛ АЙТУ

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Тайынша аудандық қазынашылық басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесінің ұжымы В. А. Багинскийге **анасы Лариса Борисовна Багинскаяның** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып КӨҢІЛ АЙТАДЫ.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор - Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 21. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй. БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ: 8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.